

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№5 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ № 14 - Ө

Д.Қонаев ауылы

3 ақпан 2025 жыл

«Өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы»

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының кестесіне сәйкес 2025 жылдың 3 ақпан – 3 наурыз аралығында мектепте өзін өзі бағалау жұмыстары ұйымдастырылып, жоспарға сай өткізілсін (1 қосымша).

2. Білім беру ұйымдарын өзін – өзі бағалау өлшемшарттары ережесіне сай мектептің педагогикалық кеңесте ұжымға таныстырылып, іс – шаралар жоспары жасалынып, бекітілсін.

3. Өзін – өзі бағалауды сапалы ұйымдастырып өткізу мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: Н.Б.Касенов – мектеп директоры;

З.Ш.Сейткасимова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Г.Т.Кожаметова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

А.Ә.Дадан – директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары;

Ж.Бурибаева – директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары;

Д.Курманалиев - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;

К.Махамбетова – хатшы;

4. Өзін – өзі бақылауды жүргізуде комиссия құрамы нормативтік, құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып жүргізілсін, қорытындысы педагогикалық кеңесте –ұжымға таныстырылып, қамқоршылық кеңес мүшелеріне есебі берілсін.

5. Өзін – өзі бақылау құжаттары Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментте жинақталып 2025 жылдың 3 наурызында тапсырылсын. жүргізуде комиссия құрамы нормативтік

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Н.Касенов